ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫҒЫС №21-02-4016
17 10 20 25

**Мектеп директорларына**

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Қ.Бітібаева атындағы Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының 2025 жыл 03 қазандағы №02-08/2 хатын ақпарат үшін жолдайды.

*Қосымша: 3 бет тіркеледі.*

**Басшы** **М.Сванов**

*Орындаған: А.Кариева*

Scanner App Lite

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
Қанипа Бітібаева атындағы
Республикалық ғылыми-әдістемелік
зерттеу орталығы

050027 Алматы қ-сы, Наурызбай ауд-ы, Ақжар ы-а,
БСТК Малинка №9
Тел: +7705 212 49 22
e-mail: kanipa.bitibayeva@mail.ru

Қанипа Бітібаева атындағы
Республикалық ғылыми-әдістемелік
зерттеу орталығы

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ГОРОД АЛМАТЫ
Республиканский научно-методический
исследовательский центр
имени Канипы Битибаевой

050027 г. Алматы, Наурызбайский р-н,мкр Акжар,
ПКСТ Малинка №9
Тел: +7705 212 49 22
e-mail: kanipa.bitibayeva@mail.ru

**Шығыс хат № 02-08/2**
**03 қазан 2025 жыл**

**Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың білім басқармаларының басшыларына**

**Аудандық білім бөлімдерінің басшыларына**

Қанипа Бітібаева атындағы республикалық ғылыми-әдістемелік зерттеу орталығы Сізге келесіні баяндайды:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының талаптарына сәйкес педагогтарды аттестациялауға қойылатын талаптардың бірі – **эссе жазу.**

Қанипа Бітібаева атындағы республикалық ғылыми-әдістемелік зерттеу орталығы 2022-2023 оқу жылынан бастап жыл сайын ақысыз негізде эссе жазу курсын өткізіп келді. Қазіргі уақытқа дейін облыстық (қалалық) білім басқармалары мен аудандық білім бөлімдеріне жолданған хат негізінде **1500-ге жуық педагог кадрлар эссе жазу курсын сәтті аяқтап, арнайы үлгідегі сертификаттарын алды.**

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің (2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ) 23-бабына сәйкес «Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, қандастар және **мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғалар (жеке кәсіпкерлік субъектілері),** мемлекеттік кәсіпорындар (мемлекеттік кәсіпкерлік субъектілері) кәсіпкерлік субъектілері болып табылады» делінген. Аталған заңға сәйкес Қанипа

ЗТ-2025-03469592
06.10.2025 ж.

Scanner App Lite

Бітібаева атындағы республикалық ғылыми-әдістемелік зерттеу орталығы білім беру саласында қызмет көрсететін кәсіпкерлік қызмет объектісі болып табылады және кәсіпкерлік қызмет көрсетуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Кодексі Білім беру саласындағы педагог кадрлардың шығармашылық әлеуетін арттырып, эссе жазу сауаттылығына баулу мақсатында білім беру ұйымдарындағы педагог кадрларға арналған **«Эссе жазу» курсын өткізуді жоспарлап отыр.**

**«Эссе жазу» курсы 2025-2026 оқу жылынан бастап мемлекеттік тілде ақылы негізде жүзеге асырылады. Курс аяқталған соң арнайы үлгідегі растаушы сертификат қоса беріледі. Және курс қатысушыларының эссе жұмыстары «Қанипа әлемі» республикалық ғылыми-әдістемелік журналына тегін жарияланады.**

Журнал ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитеті үздік педагогикалық іс-тәжірибелерді жариялауға ұсынылатын басылымдар тізіміне енгізілген (№217). Курсқа қатысу үшін 12 000 тг көлемінде қатысу жарнасын төлейді. **Курсқа өтініш беру ерікті түрде жүзеге асырылады.** Курс туралы толық ақпарат өтініштерді тіркеу аяқталған соң қатысушыларға жеке хабарланады.

Курсқа тіркелу үшін өтініштер: **07.10.2025ж-25.10.2025ж.** аралығында қабылданады.

Өтініштер қабылданатын электронды почта: ***kanipa.bitibayeva@mail.ru.***

**Байланыс телефондары: +7775 628 51 60**

**Сізден осы ақпараттық хатты облыстық білім басқармасына қарасты білім беру ұйымдарындағы педагог қызметкерлердің назарына жеткізуіңізді сұраймын.**

*Курсқа тіркелу үшін өтініш-сауалнама үлгісі қосымша 1 бетте қоса жолданды.*

**Құрметпен,**
**орталық директоры** **Шүніншәли Абай Серікұлы**
***(ХАА академигі, PhD докторант,***
***пед.ғыл.магистрі,***
***ҚР Журналистер одағының,***
***ҚР Бас редакторлар клубының мүшесі)***

***Орынд.: Д.Абладн***
***+77767772980***

Scanner App Lite

*Қосымша 1*

**Қанипа Бітібаева атындағы республикалық ғылыми-әдістемелік зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өтетін «Эссе жазу» курсына қатысушы педагогтың**

## ӨТІНІШ-САУАЛНАМАСЫ

| | |
|---|---|
| Педагогтың аты -жөні (құжат бойынша) | |
| Жұмыс орнының толық атауы | |
| Жұмыс орнының толық мекенжайы (облыс, қала, аудан, ауыл, индекс) | |
| Лауазымы | |
| Қатысушының байланыс телефоны | |
| Қатысушының e-mail адресі | |
| Мектептің e-mail адресі | |
| Мектептің байланыс телефоны | |
| Үміткердің мекенжайы (облыс, қала, аудан, ауыл, индекс) | |

**Ескерту:** *«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына сәйкес өтініш беруші жеке деректерді қолдануға келісім берген болып саналады. Сондай-ақ дербес деректер болып саналатын мәліметтер үшінші бір тұлғаларға таратылмайды.*

Scanner App Lite